

№7/233+

Б.Ж. Ақтаулова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**2011 ж. Қазақстанның ИЫҰ СІМК-дегі төрағалығы және араб-ислам әлеміндегі өзекті оқиғалар**

(«Қазіргі Қазақстандағы ислам: мәні мен діни жаңарудың нәтижелері» атты ғылыми жоба жұмысы бойынша жазылған)

Мақалада автор араб көтерілістері бойынша ИЫҰ елдерінің өзекті мәселелерін қарастырып, «Араб көктемі» нәтижелері мен салдарларын сараптайды. Сонымен қатар Қазақстанның ИЫҰ СІМК-дегі төрағалығы нәтижесінде атқарылған жұмыстары да талданады.

2011 ж. Қазақстан 57 елді біріктірген ислам әлеміндегі ең ірі ұйым – Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымына (ИЫҰ 1969 жылдан 2011 жылға дейін ИКҰ (Ислам Конференциясы Ұйымы) деп аталынған) мүше елдердің Сыртқы істер министрлігінің кеңесіне төрағалық етті. ИЫҰ-ға мүше мемлекеттердің көбі Солтүстік Африка мен Таяу және Орта Шығыс аймағында орналасқан. Ұйымға мүше мемлекеттердің жалпы жер көлемі 30 млн шаршы километрді құрайды, оның шамамен 24 % жер бетіндегі шөлейтті жерлерді алып жатса, тек 9% ғана жер өңдеуге жарамды.

Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымы мемлекетаралық деңгейде қызмет атқаратын мұсылман әлемінің халықаралық деңгейде жұмыс істейтін жалғыз ғана ұйым болып табылады. Ұйымның құрылу тарихы тікелей Таяу Шығыстағы араб-израиль жанжалдарымен байланысты.

1969 жылы тамыз айында Иерусалимнің оккупацияланған бөлігінде орналасқан, басты қасиетті орын саналатын әл-Ақса мешіті өртенген болатын. Бұл жағдай әлемнің барлық мұсылмандардың ашу-ызасын тудырды. Сауд Арабиясының королі израильдіктер Иерусалимнің мұсылмандар орналасқан бөлігін босатпаған жағдайда қасиетті жиһад

жариялайтындығын ескертті. Таяу Шығыста орын алған антиизраильдік және антиимпериалистік көңіл-күй ауанында Сауд Арабиясы өзінің жоғары деңгейдегі ислам қауымын жинау жоспарын іске асырды. 1969 ж. қыркүйек айында Марокконың Рабат қаласында 24 мұсылман мемлекеттерінің басшылары мен үкімет басшыларының алғашқы кездесуі болды. Аталмыш кездесудің негізгі шешімі ретінде Израиль экспансиясының алдында дәстүрлі исламды таратушы елдердің бірлігін нығайтып, Палестина халқына көмек көрсету, сондай-ақ Иерусалимнің мұсылмандар бөлігін босату болып табылды. Сонымен қатар осы кездесуде бір дін негізінде мұсылман мемлекеттерін біріктіретін – Ислам Конференциясы Ұйымын (бұдан кейін ИЫҰ) құру туралы шешім қабылданды [1].

ИКҰ жұмыс шеңберінде әлемдік саясаттың өткір мәселелеріне, ең алдымен мұсылман елдеріне қатысты мәселелерге үлкен көңіл бөлінеді. Ұйым белсенділігі ортасында ең алғашынан бастап Палестинаның араб халқына көмек көрсету, оның Израиль басқыншылығына қарсы күресіне қолдау көрсету, сондай-ақ Иерусалимнің арабтар қоныстанған бөлігін және сонда орналасқан мұсылман қасиетті орындарын босату мақсаты қойылған. Осы мәселелер

бұлжымай қойылып, ұйымның барлық конференциялары мен кеңестерінде басты мәселе ретінде талқыланып келеді.

2012 жылдың 26-27 ақпанында Қатардың астанасы Дохада Иерусалимнің статусы, әсіресе Шығыс Иерусалимдегі иудейлердің қоныстануының артуына қатысты, арабтық Қудс ауданындағы әлеуметтік жағдайды жақсартуға ислам әлемін үндеген Иерусалим туралы халықаралық конференция жұмысы өтті. Конференцияның ашылуында сөз алған қатар әмірі шейх Хамад бен Халифа әл-Тани: «Біз шұғыл түрде Иерусалимнің иудейленуін тоқтатуға тиіспіз», – деді. Сонымен қатар, ол Біріккен Ұлттар Ұйымын 1967 жылдан бері жалғасып келе Иерусалимді иудейлендіру шаралары үшін Израилді жауапқа тартуға шақырды. Ал Ислам Ұйымы Кеңесінің Бас хатшысы Ихсаноглу мүмкіндігі бар ислам елдері мен ислам қаржы институттарын Иерусалимді қолдауға шақырды, сонымен қатар Ислам Даму Банкі әл-Қудс әл-Шерифтегі жас секторды дамытуға атсалысуға шақырды [2].

Қазақстанның Ислам Ынтымақтастығы Ұйымымен арадағы байланыстары еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары орнады. ИБҰ құрылымындағы Ислам Даму Банкі, Сауда және экономикалық ынтымақтастық бойынша комиссия секілді ірі ұйымдардың сессияларына еліміздің арнайы өкілдерінің қатысуынан басталған өзара әрекеттестік, 1994 ж. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Сауд Арабиясына ресми іс-сапары кезінде ИБҰ-ның Бас хатшысы Хамид әл-Габидпен кездесуінде талқыланып, 1995 ж. 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының ИБҰ-ға толық мүшелікке қабылдануымен нығайтылды.

Қазақстан мен ИБҰ арасындағы ынтымақтастық шеңбері, сонымен қатар араб елдерімен жан-жақты байланыстар негізінен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық мақсатты көздейді. Ал тығыз саяси байланыстың орнығуы біршама кенжелеу қалды, бұған бірнеше фактор әсер етіп отыр: ИБҰ-ға мүше мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің қарама-қайшылығы, әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әркелкілігі, ұйымға мүше елдерге салынған түрлі санкциялардың болуы, ИБҰ-ға мүше кейбір мемлекеттердің осы ұйым шеңберінде басымдылыққа ұмтылысы; саяси жүйелері мен мемлекеттік құрылымдарының әркелкілігі [3].

Қазақстанның Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына төрағалығы ұйымға мүше елдердің Сыртқы Істер Министрлері Кеңесінің 2011 ж. Астанада өткен 38-ші сессиясында бекітілді. Осы сессияға қатысушы делегациялардың басшылары Ұйымның атауы мен логотипін өзгерту туралы қарарды қабылдады. Сөйтіп Ислам конференциясы ұйымының атауы Ислам ынтымақтастық ұйымы болып өзгертілді. ИКҰ СІМ кеңесінің 38-ші сессиясының күн тәртібі мен бағдарламасы қабылданғаннан кейін, Кеңеске қатысушы делегациялардың басшылары Ислам конференциясы ұйымын Ислам ынтымақтастық ұйымы деп жаңа атаумен атау туралы шешім қабылдады [4].

Қазақстанның халықаралық қатынастардағы тағылым-тәжірибесіне сеніп, табысталған бұл міндет еліміздің алдына үлкен талап, міндеттер қойды. Президент Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Қазақстан ИБҰ-ға төрағалық етуді өте бір күрделі кезеңде атқарғалы отыр. XXI ғасырдың басында ислам әлемі күрделі әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен саяси толқуларды басынан кешіріп отыр. Бүгінгі таңда Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста орын алып отырған оқиғалар бұл елдердегі ұдайы жалғасып келе жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелердің жиынтығының нәтижесі», – деп атап көрсетті [5].

Ұйымға мүше мемлекеттердің көбі кедей және саяси тұрақсыздық белең алған елдердің қатарын құрайды. Олардың қатарында Ауғанстан, Судан, Уганда, Сомали, Мавритания және т.б. Ал индустриалды дамушы және орасан зор көмірсутек қоры бар елдер қатарына Түркия және Парсы шығанағындағы монархиялық араб елдері – Сауд Арабиясы, БАӘ, Қатар, Кувейт, Бахрейн сияқты елдер кіреді.

2010 жылдың желтоқсанынан Мағриб аймағындағы Тунисте басталған саяси толқулар мен халықтық көтерілістер тізбегі бүгінгі таңда барлық ИКҰ-ға мүше Солтүстік Африка мен Таяу Шығыс аймағындағы араб әлемін шарпыды.

Әлем назарын өзіне аудартып, халықаралық қауымдастықты дүрбелеңге салған араб елдеріндегі көтерілістердің себеп-салдарлары да сан түрлі. Бүгінгі таңдағы араб әлеміндегі орын алып отырған саяси толқулар астарын тек ішкі не болмаса тек сыртқы күштердің әсерінен іздестіруге болмайды.

Араб әлеміндегі оқиғаларға әрбір елдің өзіне тән ішкі себептерімен қатар, әлемдік аренадағы күштердің өзгерісі мен жаһандану үдерісімен байланысты сыртқы факторлар да ықпал етіп отыр.

Ең алдымен, бұл оқиғалардың ішкі себептеріне тоқталар болсақ, 2011 жылдың басынан тізбектеле жалғасқан арабтық төңкерістер мен толқулар халықтың бірнеше ондаған жылдар бойы қордаланған саяси-экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге деген ұмтылысы мен тығырыққа тірелген тұйықтан шығуға деген талпынысынан туындап отыр.

Бұл толқулардың ерекшелігі тек қана әлеуметтік ахуалы күрделі елдерді ғана емес, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан жағдайы жоғары елдерді қоса шарпуында. Көтерілістер мен толқулардың басталуына түрткі болған себептер әр елде әр түрлі: Египетте елдің ауыр әлеуметтік-экономикалық жағдайы, Тунисте Бен Али мен Тараблуси әулетінің экономикаға монополиялық бақылау орнатуы, Либияда Киренаикадағы сепаратистік көңіл-күйдің артуы, Бахрейн, Оман, Сауд Арабиясы мен Ирақта сүнниттер мен шииттер негізіндегі текетірістік, Йеменде жылдар бойы орын алып отырған азаматтық соғыс және т.б. Әрине, өз кезегінде бұл оқиғаларға ықпал еткен барлық араб әлеміне тән ортақ факторларды атап өту керек.

Қазіргі араб қоғамында харизматикалық көсемдерге бас йіп, патернализм дәстүрінде тәрбиеленген ұрпақпен қатар, авторитарлық жүйеге көндіккісі келмейтін, білімді және сауатты жастардың қатары қалыптасты. Осы жаңа буын өкілдері азамат ретінде өз мемлекеттерінің мәселесін шешуде «ұлт көсемінің» шешіміне ғана бас иуге қарсылық танытуда. Мұндай қарсылықты көңіл-күйдің белең алуына, ең адымен, ел ішіндегі жастар арасындағы жұмыссыздық (жастар арасындағы жұмыссыздық Египетте – 42,8%, Тунисте – 30,4%, Сирияда – 24,4%) пен халықтың басым көпшілігінің кедейшілігі (Йеменде – 41,8%, Алжирде – 22,6%, Мароккода – 19%) түрткі болып отырса, екіншіден экономикалық саланы белгілі бір әулеттердің «ықпалды аймақтарға» бөліп алуы, биліктегі жемқорлық пен араб елдерінің «мұрагерлік республикаларға» айналуы себеп болып отыр.

Бүгінгі таңда халықтық толқулардың нәтижесінде Таяу Шығыс пен Солтүстік Аф-

рикадағы араб елдерінде қазіргі қалыптасқан саяси жүйені либерализациялау, азаматтық қоғам құру үдерісі қарқынды басталып кетті. Мысалы, Хусни Мұбаракты биліктен кетірген Египеттегі уақытша жаңа билік конституцияға президенттік өкілеттілік мерзімі төрт жыл және тек екі мерзім ғана билікте отыруға құқылы деген өзгеріс енгізуді көздеп отырса, Тунисте жаңа конституция жасайтын Ұлттық құрылтай ассамблеясын жасақтау жоспарлануда. Ал Сауд Арабиясында оппозиция Консультативті кеңестің мүшелерін сайлау өткізу арқылы тандауды, елдің конституциялық монархияға айналуын талап етіп отырса, Бахрейнде радикалды шииттік ұйымдар мемлекеттік құрылымды республикаға айналдыруды, ал орта ұстанымдағылары елде жаңа конституцияның қабылдануын талап етуде.

Дегенмен, Шығыс қоғамының дәстүрлі тарихи даму ерекшеліктері мен қажетті экономикалық институттардың болмауы азаматтық қоғам құру үдерісінде саяси исламға деген ықыластың артуын байқатады. Осы орайда биліктегі саяси вакуумның орнын толтыруда Таяу және Орта Шығыстағы бірқатар мұсылман елдерінде азаматтық қоғам құрудың бірден-бір мүмкін жолы исламдық фундаментализм қарастырылуда.

Осы орайда, араб әлеміндегі жаңа биліктегі ислам факторының үлесі қандай болмақ деген заңды сұрақтыңдауы сөзсіз. Алдымен, исламдық фактордың артуы аймақта антиамерикандық және антиизраильдік ұстанымдарды арттырады. Бұл өз кезегінде аймақтағы күштер балансын өзгертуі мүмкін. Қазірдің өзінде американдық «Үлкен Таяу Шығыста» Иран мен Түркияның ықпалы артып келе жатқаны байқалады. Американдықтардың аймақтағы шахмат тақтасындағы қателіктерін дер кезінде пайдаланып отырған ирандықтар «антиизраильдік майданда» басты ойыншыға айналып отыр. Ал Тель-Авив пен Түркия арасындағы салқындық Эрдоганның араб әлемімен байланысын түзеуге жол ашып отыр.

Араб әлеміндегі саяси толқулардың басталуына ықпал етуші сыртқы факторларға келер болсақ, бұл халықаралық мазмұндағы саяси-экономикалық мәселелер.

Алдымен саяси тұрғыдан алар болсақ бұл Таяу Шығыс мәселесі. Таяу Шығыс шиеленісі ондаған жылдар бойы Израиль мен оның одақтасы АҚШ-тың саясатының нәтижесінде

күрмеуі шешілмес түйінге айналды. АҚШ-тың «Үлкен Таяу Шығыс» аясындағы саясатының салдарлары бұл аймақта бірнеше шиеленістерді туындатты. Олар: Ирақтағы дағдарыс; аймақтағы халықаралық лаңкестік; Иран Ислам Республикасының атом бағдарламасына қатысты бұрқ ете қалуы мүмкін қақтығыс; Иран мен араб елдері арасындағы текетірестік; ислам әлеміндегі шииттік-сунниттік қақтығыстардың артуы және т.б. Бұл мәселелердің жиынтығы аймақтағы араб елдерінің қауіпсіздігі мен саяси тұрақтылығына нұқсан келтіріп отырған басты факторлар.

Экономикалық тұрғыдан алар болсақ, әлемдік қаржы дағдарысы араб елдерінің де қазынасына ауыр соқты. Араб елдерінің көбі – ірі мұнай экспорттаушы елдер екені мәлім. Бір ғана ОАПЕК-тің есебіне жүгінер болсақ, мұнайдың әлемдік бағасы 1 АҚШ долларына төмендегенде араб елдерінің экспорттан түсер кірісі 4,0 млрд. доллардан 10,0 млрд. долларға дейін кемиді екен. Ал аймақтағы қақтығыстардың астарында мұнайлы аймақтағы ықпалдастық үшін әлемдік күштердің тартысы жатқаны баршаға аян.

Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы араб елдерін шарпыған «Араб көктемі» деген атауға ие болған төңкерістерге қатысты Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының ұстанымы әлі де болса айқын емес, себебі іс-әрекеті тұрғысынан алғанда саяси белсенділігі төмен. Ұйымның басты форумы саналатын мемлекет басшыларының Конференциясы бірқатар мәселелерге қатысты шешімдер қабылдағанымен оны жүзеге асыруда ықпалды шаралар қабылдамайды. Бұл ұйымға мүше мемлекеттердің іс-шаралары көп жағдайда әрқайсысының ұлттық мүддесін көздейтінін көрсетеді.

Ұйымға төрағалық еткен бір жыл ішінде Қазақстан атқарған іс-шаралардың қатарында 2011 жылдың 7-9 маусым аралығында өткен 7-ші Дүниежүзілік ислам экономикалық форумында ұйымға мүше, төраға ел ретінде Қазақстан ислам әлемінің модернизациялық жолмен дамуына қатысты бірқатар мәселелерді көтерді.

Бір жыл ішінде Қазақстанның ұйым шеңберіндегі жұмыстары еліміздің ИЫҰ-ға төраға ретінде Палестина, араб-израиль жанжалдары, Либия шиеленісі, Ауғаныстанға көмек, наркобизнес, экстремизм, терроризмге қарсы бірігіп күресуде аймақтық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыру мәселелеріне қатысты еліміздің ұстанымын айқындауға

бағытталса, екінші жағынан, ұйымға мүше мемлекеттер арасында сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту, азық-түлікпен қамтамасыз етуде ауылшаруашылығы потенциалдарын дамыту, транспорт саласы мен қаржы секторындағы ынтымақтастықты өрбіту істері жөнінде жүргізілді. Қазақстанның ИЫҰ-ға төрағалығы тұсындағы ең басты мақсат – ислам әлемінің өндірістік жаңарулар кезеңіне өтуі, ол үшін энергетикалық салада өзара бірлескен іс-әрекеттер жоспарын құрып, осыны жүзеге асыруға бағыттау болды.

Пекиндегі Халықаралық Мәселелер бойынша Қытай Институтында сөйлеген сөзінде ҚР СИМ Ержан Қазыханов мырза: «Таяу Шығыс аймағындағы қайғылы оқиғалар әлеуметтік-экономикалық жағдайды түбірімен өзгертуді, модернизациялауды қажет ететіндігін тағы бір айқындап өтті. ИЫҰ-ға төраға ретіндегі Қазақстанның басты міндеттерінің бірі – ислам әлемін жаңа модернизациялық даму траекториясына шығару, оның дінді бүркемелеп экстремизм мен терроризмнің өсіп-өнуіне қолайлы жерге айналуын тоқтатуға атсалысу», – деп атап өтті.

Қорыта келгенде, Қазақстанның Ұйымға төрағалығы бейбітшілік, ынтымақтастық және даму ұраны аясында өтті деп қорытындылауға болады.

## Әдебиеттер

1. <http://www.oic-oci.org/>
2. Ihsanoglu calls on Islamic States to give more// The International Conference on Jerusalem. 26-27 February, 2012. Doha, Qatar. OIC Journal, May-August 2012, P4-9.
3. Абилов О.А. Казахстан и Организация Исламской Конференции // Круглый стол «Перспективы председательства Казахстана в ОИК» «IWER.KZ»
4. Республика Казахстан законом от 21.02.2012 № 570-ІҮ ратифицировала Устав Организации Исламской конференции (ОИК), совершенный в Дакаре 14 марта 2008 года// Zakon.kz.
5. 38-сессия СМВД ОИС в Астане //newskaz.ru/trend/OIC/
6. [www.newskaz.ru/politics/20110909/1875901.html](http://www.newskaz.ru/politics/20110909/1875901.html).

**Б. Ж. Актаулова**

**Председательство Казахстана в СМД ОИС в 2011 году и актуальные проблемы в арабо-исламском мире**

В статье автор рассматривает актуальные проблемы стран Организации Исламской Солидарности в контексте арабских революций, анализирует причины и последствия событий «арабской весны». Была сделана попытка оценить выполненные действия Казахстана как председателя СМД ОИС.

**B. Zh. Aktaulova**

**Kazakhstan's chairmanship in the CFM OIC in 2011 and the current problems in the Arab-Islamic world**

The author is dealing with the actual problems of the member states of the Organization of Islamic Cooperation in the context of Arab revolutions. The reasons and the consequences of the events of the «Arab spring» were analyzed. The author made an attempt to estimate the executed actions of Kazakhstan as the chairman of OIC.